

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Асылхан А.А.

Ғылыми жетекшісі: доктор PhD Қабул О.Қ.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
anelya.asylhan.077@gmail.com.

Астана қ.

Қазақстан халқы Ассамблеясы - еліміздегі этносаралық татулық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз ететін бірегей институт. Ол 1995 жылы Қазақстан Республикасының Президенті бастамасымен құрылған және бүгінгі таңда ұлттық саясаттың негізгі тетігіне айналды. Ассамблеяның басты мақсаты - қоғамдағы тұрақтылықты сақтау, этностардың мәдениеті мен дәстүрін құрметтеу, азаматтардың тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету. Қоғамдық келісім - Қазақстанның дамуы мен өркендеуінің басты шарты. Осы тұрғыда Ассамблея әртүрлі этностардың өкілдерін ортақ құндылықтар төңірегінде біріктіріп, бірлік пен ынтымақты нығайтуда маңызды рөл атқарады. Оның қызметі тек этносаралық қатынастарды реттеумен шектелмей, азаматтық қоғамды дамытуға, демократиялық құндылықтарды орнықтыруға және елдің тұрақты дамуына ықпал етеді. Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық келісімді қалыптастырудағы орны мен рөлін зерттеу - қазіргі таңда өзекті мәселе. Себебі ол Қазақстандағы бейбітшілік пен тұрақтылықтың кепілі болып, көпэтносты қоғамда бірлікті сақтаудың тиімді үлгісін көрсетеді. [1, 78 б].

1. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуының тарихи негіздері. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде Қазақстан үшін ең басты міндеттердің бірі - этносаралық шиеленістердің алдын алу, қоғамдағы тұрақтылықты сақтау және түрлі мәдени топтарды ортақ ұлттық идея төңірегінде біріктіру болды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін көптеген посткеңестік мемлекеттерде этникалық қақтығыстар орын алғаны белгілі. Осындай жағдайда Қазақстанда этносаралық қатынастарды басқарудың жаңа әрі тиімді институтын құру стратегиялық қажеттілікке айналды.

2. ҚХА-ның негізгі міндеттері мен функциялары. Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі Конституция мен «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңда нақты айқындалған. Оның басты міндеттері мыналар:

- этносаралық келісім мен қоғамдық бірлікті нығайту;
- этномәдени бірлестіктердің жұмысын үйлестіру;
- мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асыруға ықпал ету;
- қоғамдық диалог алаңдарын қалыптастыру;
- әлеуметтік шиеленістердің алдын алу;
- Парламент Мәжілісіне 9 депутат ұсыну арқылы этностардың саяси өкілдігін

қамтамасыз ету. 33 б].

Шетелдік ғалымдар Д. Лэйк пен Д. Ротшильд көпэтносты қоғамдардың тұрақтылығы инклюзивті мемлекеттік саясатқа байланысты екенін атап көрсетеді.

3. ҚХА-ның қазіргі кезеңдегі рөлі. Бүгінгі Қазақстан үшін этносаралық келісім - әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі факторы. Ассамблеяның қазіргі қызметі мына бағыттарда көрініс табады:

- азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал ету;
- жастар арасында толеранттылық мәдениетін дамыту;
- мемлекеттік тіл саясатын қолдау;
- этностардың мәдени мұрасын сақтау;
- халық дипломатиясы арқылы елдің халықаралық беделін арттыру.

3.1 Қоғамдық келісімді қамтамасыз етудегі практикалық қызметі. Ассамблея диалог алаңдары, мәдени іс-шаралар және қоғамдық кеңестер арқылы этностар арасында тұрақты байланыс орнатуға мүмкіндік береді. [3, 21].

3.2 Этномәдени орталықтардың рөлі. Қазақстанда жүздеген этномәдени бірлестіктер өз этностарының тілін, дәстүрін сақтап, халықтар арасындағы достықты нығайтуға үлес қосып келеді. Зерттеуші Ф. Есім қазақ қоғамында төзім, келісім және өзгелерді құрметтеу дәстүрлерінің бар екенін атап өтеді. Бұл Ассамблея қызметінің тарихи сабақтастығын көрсетеді. [3, 44 б].

ҚХА - Қазақстандағы этносаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықтың негізгі институты. Ол этностардың мәдени мұрасын сақтауға, құқықтарын қорғауға және қоғамдағы бірлікті нығайтуға

бағытталған. Глобализация жағдайында оның маңызы арта түседі, сондықтан ҚХА қазіргі де, болашақта да тұрақтылықты қамтамасыз ететін басты механизм болып қала береді [4,57.б]

3.3. Теориялық негіздері:

К. Дойчтің зерттеулері бойынша, қоғамдағы интеграция деңгейі жоғары болса, этносаралық сенім нығаяды [4,112 б].

3.4. «Қоғамдық келісім» мекемелері

Бұл мекемелер әр өңірде жұмыс істеп, Ассамблеяның ұйымдастырушы ядросы болып табылады. Олар этносаралық қатынастарды бақылап, қоғамдық кеңестермен үйлесімді жұмыс жасайды.

3.5. Медиация институты: Ассамблея жанындағы медиация кабинеттері дау-жанжалдарды сотқа жетпей шешуге мүмкіндік береді, қоғамдағы тұрақтылықты арттырады. [5, 45 б].

Қазіргі кезеңдегі Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) рөлі елдегі қоғамдық тұрақтылық пен этносаралық келісімді нығайтуда айрықша мәнге ие. Қазақстан көпэтносты мемлекет ретінде алдымен ішкі бірлікті сақтауға, әртүрлі мәдениеттер арасындағы өзара құрмет пен түсіністікті дамытуға мүдделі. Осы тұрғыдан алғанда, ҚХА-ның қызметі тек мерекелік іс-шаралар ұйымдастырумен шектелмейді, ол қоғамның әлеуметтік ахуалына тікелей ықпал ететін стратегиялық институтқа айналды. Ассамблея азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға жүйелі түрде ықпал етеді. Ол халықты этникалық айырмашылықтарға емес, ортақ құндылықтарға, елдің болашағына деген ортақ жауапкершілікке бағыттайды. Бұл әсіресе жастар арасында маңызды, себебі жас буынның бойында толеранттылық мәдениетін дамыту - ұзақ мерзімді тұрақтылықтың кепілі. ҚХА түрлі жастар жобаларын, пікірталас алаңдарын, мәдени кездесулер ұйымдастыра отырып, олардың қоғамдағы белсенділігі мен жауапкершілігін арттырады. Сонымен қатар, ҚХА мемлекеттік тіл саясатын қолдау бағытында да маңызды жұмыс атқарады.

Ассамблея этномәдени бірлестіктер арқылы қазақ тілін үйрететін курстарды, мәдени-білім беру жобаларын іске асырып, мемлекеттік тілдің қоғамдық қатынастардағы орнын кеңейтуге ықпал етеді. Бұл көпұлтты қоғамның өзара түсінісуін арттырып қана қоймай, ортақ мәдени кеңістікті күшейтеді. Этностардың мәдени мұрасын сақтау - ҚХА-ның тағы бір басым бағыты. Әрбір этностың тілі, дәстүрі, өнері елдің жалпы мәдени байлығын құрайды. Ассамблея осы мұраны жаңғыртуға, көпшілікке танытуға жағдай жасайды. Ал халық дипломатиясы бағытындағы бастамалары Қазақстанның халықаралық беделін нығайтып, елдің бейбітшілік пен келісім үлгісі ретінде танылуына мүмкіндік береді.

4. ҚХА-ның маңызы. Ассамблея бірлік пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді, мәдени әртүрлілікті сақтайды, әлеуметтік интеграцияны қолдайды, саяси қатысу мүмкіндігін кеңейтеді және тәрбиелік рөл атқарады. Қазақстанның этносаралық қатынастар моделі халықаралық деңгейде табысты тәжірибе ретінде бағаланады [7, 156 б]. ҚХА бұл қағидаларды Парламент Мәжілісіндегі квота арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының институтциялануы - саяси феномендер қатарындағы құбылыс. Әлемдік саясат тарихында тек өз мүдделері мен уәкілдіктерін мемлекетке ерікті құқықтарын беретін ғана емес, сонымен қатар өз саяси адалдығын белсенді көрсететін табысты мысалдарын табу өте қиын. Ассамблея Қазақстан Республикасы қоғамының қоғамдық-саяси шоғырлану механизмінің бірі болды. Тіпті тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси жүйесіне ҚҰА тарихының қалыптасуы мен бірігуінің сыртқы талдауы тек қана этникааралық қатынастар ғана емес, сондай-ақ жалпы мемлекеттік әлеуметтік саясатты қолдаудың және реттеудің маңызды ресурстарын табуға көмектеседі. «Саналы ымыралар» саясаты табысты экономикалық және саяси реформалардың негізі болып табылады. Мемлекеттік басқарумен біріктірілген, өзге қоғамдық институт сияқты, Қазақстан халқы Ассамблеясы - едәуір айқын құрылымдалған консультативтік-кеңестік орган болып табылады. Осы органның мемлекеттік ұлттық саясатты табысты қатысуы этномәдениеттік ұйымдардың салаларынсыз жүзеге асыру мүмкін болмайтын еді. Ассамблеяны құру туралы идея осы ұйымдардан шықты. [8,91б]

Ассамблея құрамы:

Ассамблея Сессияларынан; Ассамблея Кеңесінен; Ассамблея аппаратынан (хатшылық); Облыстағы Ассамблеялардан тұрады. ҚХА мүшелерінің жиналысы (Сессия) Жоғары басшылық орган болып табылады. Сессия қажетті жағдайда, жылына бір реттен жиі емес уақытта Қазақстан Республикасы Президентімен шақырылады. [8,92.б]

5. Қазақстан халқы Ассамблеясының барлығы 21 сессиясы өткен:

- 1 құрылтай сессиясы (1995 ж., наурыз) «Біздің ортақ үйіміздегі бейбітшілік пен келісім үшін»;
- 2 сессия (1995 ж. маусым) - «Өткенді ұғыну және қоғамның демократиялық реформалануы».
- 3 сессия (1996 ж. сәуір) - «Қоғамдық келісім - Қазақстанның демократиялық дамуы».

- 4 сессия (1997 ж. маусым) - «Тарихи зерде, ұлттық келісім және демократиялық реформалар - Қазақстан халқының азаматтық таңдауы».
- 5 сессия (1999 ж. қаңтар) - «Ұлттық келісім - Қазақстанның дамуы мен тұрақтылығының негізі».
- 6 сессия (1999 ж. желтоқсан) - «Достық пен келісіммен ХХІ ғасырға».
- 7 сессия (2000 ж. желтоқсан) - «Халықтың рухани мәдени дамуы - Қазақстанның тәуелсіздігін тұрақтандырудың негізі».
- 8 сессия (2001 ж. қазан) - «Тәуелсіздікке 10 жыл: бейбітшілік, прогресс және қоғамдық келісім».
- 9 сессия (2002 ж. қараша) - «Қазақстан халқы Ассамблеясының стратегиясы: ұлттық келісім, қауіпсіздік, азаматтық әлем».
- 10 сессия (2003 ж. желтоқсан) - «Ұлтаралық келісімнің қазақстандық моделі: тәжірибе және болашақ».
- 11 сессия (2005 ж. қараша) - «Бейбітшілік, ұлтаралық келісім мен жасампаздықтың 10 жылы».
- 12 сессия (2006 ж. қараша) - «Әр жүректе - бір ел».
- 13 сессия (2007 ж. тамыз) - «Бейбітшілік, тұрақтылық және келісім біздің ең басты ұлттық басымдықтардың айналасында қоғамды біріктіруіміз керек».
- 14 сессия (қазан 2008 ж.) - «Еліміздің күші - халықтың бірлігінде».
- 15 сессия (2009 ж. қазан) - «Ұлттық бірлік - біздің стратегиялық таңдауымыз».
- 16 сессия (20.10.2010 ж.) - «Қазақстан халқы Ассамблеясы: Сенім. Дәстүрлер. Ашықтық. Төзімділік».
- 17 сессия (18.04.2011 ж.) - «Тәуелсіз Қазақстан: бейбітшіліктің, келісім мен жасампаздықтың 20 жылы».
- 18 сессия (16.01.2012 ж.) - «Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Қазақстан Республикасы Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауы».
- 19 сессия (27.04.2012 ж.) - «Қазақстандық бағыт: тұрақтылық, бірлік, жаңғыру».
- 20 сессия (24.04.2012 ж.) - «Қазақстан - 2050» стратегиясы: бір халық - бір ел - бір тағдыр».
- 21 сессия (18.04.2014 ж.) - «Қазақстан - 2050» стратегиясы: бейбітшілік, рухани және келісім мәдениеті».

Қазақстан халқы Ассамблеясының ең алғашқы құрылтай сессиясы Қазақстанның қазіргі кездегі мемлекеттігін қалыптастыруға ең маңызды үлесін қосты. Ел Президенті уәкілеттігінің мерзімін ұзарту туралы референдумын бастамашылық етіп, Ассамблея өте өзекті әлеуметтік-саяси мәселелерді талқылау және жүйені құрушы шешімдерді қабылдау үшін беделді алаң ретінде, Қазақстанның қоғамдық-саяси жүйесінен орын алды. Қазақстанның өзін әлемдік саяси үдерістердің жаңа серпінді қатысушысы ретінде танытқан, мемлекеттік саясатқа нақты қатысуына маңызды өтініші, келесі жылдары одан да әрі дамыды. Он жылдан астам өткен уақыт бойынша шетелдік сарапшылардың Ассамблеяның осы ресурсын атап өтуі кездейсоқ емес: «Қазақстан халқы Ассамблеясының әлеуетінің таусылмағаны көрінеді, және жуырдағы келешекте оның қызметіндегі саяси құрамының күшеюімен байланысты үдерістердің дамуы болады». [8.94,95.б]

Қазақстан халқы Ассамблеясының рухы бұл ұйым пайда болғанға дейін ілгері уақытта қалыптаса бастаған болатын. Біз бір қарапайым, бірақ өте маңызды затты ертеден бастап ұғына білдік: біздің санымыз көп әрі ерекшелігіміз бар, дегенмен де бәрімізге бірдей ең керегі - ол бейбіт елде бейбіт өмір сүру екен. Бұл түсінік санамызға қиын қыстау жағдайды басымыздан өткерген кезде келгендіктен бе, оған сеніміміз анық әрі қымбат. [8.109. б]

Қазақстан халқы Ассамблеясы елдің өмірінде аса ерекше орынға ие екендігі таңқалдырмайтын жайт, сондай-ақ оның қызметі әлемдік қауымдастықтың да назарын аудартқаны заңдылық. Біріккен Ұлттар Ұйымының бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннан бірауақытта Қазақстан халқы Ассамблеясын бейбіт моделі, «кішігірім БҰҰ» деп атап өткен. Бізді, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерін осындай жұмысты атқару тәжірибесімен бөлісуге жиі шақырады. Басқа елдерде ҚХА моделі бойынша ұқсас ұйымдар құрылған, бірақ та Қазақстан халқы Ассамблеясы бұрынғыдай, мемлекеттің бірінші тұлғасымен басқарылатын жалғыз ұйым болып қала береді. ҚХА күннен-күнге нығайып, дамып келеді, жаңа күштерге иеленуде, оның жұмысы ел алдында тұрған заманауи міндеттерге сай келетін жаңа мазмұнға толы болып келеді. Ассамблеяның негізінде Ғылыми сараптама кеңесі құрылған, оның құрамында Қазақстанның ең үздіктері шоғырланған, елдің әрі қарай тұрақты дамуына мүдделі және оны қамтамасыз етуге көп еңбек етуге дайын адамдар жиналған. Бүгінде бұл кеңес іске асырылуына бүкіл мемлекет пен қоғам жұмылдырылатын жоспарлар мен құжаттарды жасайды. [8.116. б]

6. Қазақстандағы этносаясаттың қалыптасуы. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Қазақстан үшін этносаралық шиеленістерді болдырмау стратегиялық мәселе болды. Кеңес Одағының ыдырауынан кейін көптеген посткеңестік мемлекеттерде этникалық қақтығыстар жиі кездескендіктен, Қазақстан этносаралық қатынастарды реттейтін жаңа механизмдерді енгізді. Авторлар атап өткендей, Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) - осындай институттардың бірі, оның негізгі міндеті - қоғамдық келісімді нығайту және этностар арасындағы сенімді қалыптастыру. [9. 8.б]

7. Этносаралық қатынастардағы практикалық аспектілер. Этносаралық қатынастарды нығайту үшін ҚХА диалог алаңдары, мәдени іс-шаралар мен қоғамдық кеңестер ұйымдастырады. Сонымен қатар, медиаторлық қызмет арқылы дау-жанжалдарды сотқа жетпей шешуге мүмкіндік беріліп, қоғамдағы сенім мен бірлікті күшейтеді [9. 10.б].

8. Этносаяси модельдің ерекшеліктері. Авторлар Қазақстан моделінің ерекшелігін оның инклюзивтілігінде деп көрсетеді. Бұл модельде әр этностың құқықтары қорғалып, мәдени мұрасы сақталады, ал этносаралық қатынастардың үйлесімді дамуы әлеуметтік тұрақтылыққа әкеледі. Сондай-ақ, ҚХА-ның Парламент Мәжілісіндегі квота арқылы этностардың саяси өкілдігін қамтамасыз етуі - көпэтносты қоғамдағы саяси интеграцияның маңызды құралы [9. 11.б].

9. Болашақ перспективалары. Зерттеу авторлары ҚХА мен Қазақстанның этносаясатының дамуы алдағы жылдары одан әрі нығая түсетінін болжайды. Әсіресе жастар арасында толеранттылық мәдениетін қалыптастыру, этномәдени бірлестіктердің жұмысын күшейту, мемлекеттік тіл саясатын қолдау - қоғамдағы ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ететін негізгі факторлар. [9. 12-13.б]

Қорыта айтқанда, Ассамблеяның ерекше рөлі - әртүрлі этностардың әлеуметтік, мәдени және азаматтық мүдделерін бір ортақ мақсатқа тоғыстыруында. ҚХА қоғамдық келісімнің тек формалды құрылымы емес, шынайы диалог алаңы ретінде қалыптасып, қоғамдағы мәселелердің алдын алу мен шешу ісінде маңызды буынға айналды. Оның бастамалары барлық азаматтың өзін елдің толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне ықпал етіп, көпэтносты қоғам үшін аса қажет сенім атмосферасын қалыптастырады. Сонымен қатар, ҚХА түрлі жобалар арқылы жас ұрпақ арасында толеранттылық мәдениетін нығайтуға баса мән береді. Жастардың этносаралық қатынастарға қатысты көзқарасын дұрыс қалыптастыру - ұзақ мерзімді тұрақтылықтың негізгі шарты. Ассамблея ұйымдастыратын мәдени форумдар, пікірталас алаңдары мен білім беру бағдарламалары олардың қоғамдық белсенділігін арттырып, жауапкершілік сезімін күшейтеді.

Жалпы алғанда, ҚХА - ел дамуының әлеуметтік тұтастығын қамтамасыз ететін маңызды институт. Оның қызметін одан әрі жетілдіру, азаматтық бірегейлікті күшейтуге бағытталған бастамаларын қолдау Қазақстанның тұрақты дамуына, бейбіт әрі келісімді қоғамның қалыптасуына негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қалиев С. Этносаралық қатынастар және Қазақстан халқы Ассамблеясы. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 210 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. - Астана: Қазақпарат, 2017. - 384 б. (Ассамблеяның қалыптасуы мен рөліне арнайы тараулар бар).
2. Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022-2026 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы. - ҚР Президентінің Жарлығы, 2022.
3. Suleimenov M. Ethnic Diversity and Social Cohesion in Kazakhstan. - Routledge, 2021. - 198 p.
4. Қазақстан халқы Ассамблеясы - ел тарихында. - ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты. - Астана, 2014. - 266 б
5. Есім Ғ. Қазақстандағы этносаяси қатынастар тарихы. Алматы: Ғылым, 2015, б. 44
6. Ротшильд Д. & Лэйк Д. "Building States and Nations." Cambridge University Press, 2001, б. 45.
7. Smith A. National Identity and Ethnic Relations. Oxford University Press, 2003, б. 156.
8. Қазақстан халқы Ассамблеясы - ел тарихында / Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті, Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты. - Астана: - 2014. б. 266.
9. Abdraimov E.A., Sadykov T.S. Interethnic relations and the model of ethnic policy of Kazakhstan: problems and prospects. Bulletin of the Karaganda University. History-Philosophy Series, 2023, №3 (111), б. 7-13.